

Меңгеруші жанындағы кеңестің

№ 1 хаттамасы

06.09.2023ж

Қатысқандар: 20

Күн тәртібі:

1. Топтардың жаңа оқу жылына дайындығы. Шолу, тексеру қорытындысы
2. Жалпы ата-аналар жиналысына дайындық
3. Тіл мерекесіне арналған апталықтың іс шаралары жөнінде
4. «Алтын күз» мерекелерінің бағдарламасын бекіту

1.Тыңдалды:Топтардың жаңа оқу жылына дайындығын тексеріп, қорытындылап б/б меңгерушісі Г.Каржаулова таныстырып өтті: Болашақ бүгіннен басталатынын тереңнен зерделесек, жас ұрпақтың тағдыры, оның келешегі, жан-жақты азамат етіп тәрбиелеу мәселесі қашан да халқымыздың басты арман мұраты болып келген. Осыған орай, қоғамда білім беру және ғылым беру саласына елеулі өзгерістер енгізіліп жатқан кәзіргі кезеңде мектепке дейінгі ұйымдарда білім мазмұнын жаңарту, баланың жеке басын дамыту, жас ұрпаққа білім беру мен тәрбиелеуді жаңа сапалық деңгейге көтерудің міндеті тұр. Әр бала өз отбасының шаттығы, ата-ананың бізге берген аманатына қиянат жасамауымыз қажет.

Балаларға тәрбие мен білім беруде балаға ұстап көруге, әрекет етуге арналған құралдар, суреттер, заттар, көрнекіліктер қажет. Ол сапалы, әдемі, қауіпсіз де ыңғайлы болуын ескерту қажет. Жалпы топтарға тоқталсам бұрыштарды әле де толықтыра түсуді, мазмұндарын өзгертуді тапсырамын. Дамытушы ортаға қажетті құралдарды әрине ата –аналардың көмегінсіз толықтыра алмаспыз. Бірақ балаға ойынға қажетті құралдар қызықты болу үшін де ойластыру керек. Үлестірмелі материалдарды көбейту, үстел үсті ойындарын шолып, қораптарға салу. Балалар жұмысынан әдемі, көрме ұйымдастыру, ұжымдық жмыстарға тарту қажет. Балаларға еркін қимылдап, өз ойын еркін айтып, қимыл іс –әрекет етуге ықпал етуіміз керек. Үлкендермен құрдастармен қатынасқа түсіп, тіл байлығы, ой –өрісі артады. Қимылды ойындар атрибуттарын жаңартуды, толықтыруды тапсырамын. Табиғат бұрыштарына дәнді дақылдар жинақтап, гүлдерден гербарий жасауға қазір деген уақыты. Жыл бойына ізденіп, материалдар жинақтап, безендіру жұмыстарын аяқтауды тапсырамын.

2.Тыңдалды:Жалпы ата-аналар жиналысына дайындық жөнінде балабақша әдіскері А.Бекхожаева сөз алды: Ия, жаңа сәби тап –таза ақ парақ секілді. Оған не жазылатыны қалай жазылатыны ата –анаға байланысты. Сол себепті ұрпақ тәрбиесі қай кезде де ең өзекті тақырып. Баланы тәрбиелеудегі

мақсатымыз оны жан –жақты кемелдендіріп, қоғамға пайдасы тиетін азамат етіп қалыптастыру. Халқымызды «Бала қымбат болса, тәрбиесі одан да қымбат» деген нақыл сөздің мәні бар. Өйткені тәрбиелі ұрпақ ата-ананың мақтанышы . елдің ертеңі. Ата-аналармен біріге отырып балалардың өсуіне, денсаулығына қамқорлық жасау, тазалыққа үйрету, еңбек сүйгіштікке тәрбиелеу, үлкенге құрмет,кішіге ізет көрсетуге үйрету, әдебиетке, мәдениетке бастап, тәлім-тәрбие беру.

Жыл басындағы жалпы ата-аналар жиналысында дәстүр бойынша балабақша мақсаттарымен таныстырып , ата-аналар комитетін сайлау, ата-аналармен қарым қатынас орнатуда қызықты сұрақтар қойып доп беру арқылы жауап алу, сонымен бірге медбикенің тазалық жөнінде кеңестері жоспарланған. Жауапкершілікпен өткізейік.

3.Тыңдалды:Тіл мерекесінен арналған апталық жөнінде б/б меңгерушісі Г.Каржаулова сөз алды: Қазақ тілін білу Қазақстанның әрбір азаматының мектеп жасына дейінгі кезден бастап үйренетін міндеті мен борышы, қоғамдық өмірге белсенді араласуы мен бәсекеге қабілеттілігін айқындайтын ынталылық көрсеткіші. Мектепке дейінгі білім беру стандартының Коммуникативтік дағдыларды дамыту балалардың жеке ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, ауызекі сөйлеуді, сөздік қорды қалыптастыруды, өмірде әртүрлі жағдайлардағы қарым -қатынас дағдыларын меңгертуді, қолдың ұсақ моторикасын және командада жұмыс істеу дағдыларын дамытуды қарастырады.

Балалардың сөйлеуін тек ұйымдастырылған іс-әрекеттерде ғана емес, күні бойы режимдік сәттерде, еркін ойын кезінде оларға түрлі сұрақтар қою (сұрақтарды қойғанда «иә» немесе «жоқ» деп жауап беретін жалпы сұрақтар немесе барлығы қосылып жауабын бірге айтуға арналған сұрақтар емес, әрбір бала жеке жауап бере алатындай сұрақтар) арқылы, балаларды көбірек сөйлесуге, бір-бірімен қарым-қатынас жасауға, олармен кез-келген мәселе бойынша әңгімелесіп, олардың пікірін тыңдау және т.б. арқылы дамыту ұсынылады.

Шығармашылық сөйлеу әрекетін дамыта отырып ана тілімізді құрметтеуге , мақтан етуге тәрбиелеуіміз керек.

Осы мақсатта түрлі іс шаралар жоспарлануда, іс-шаралар, сабақ емес ойын түрінде өткізілуін тапсырамын.Сахналау, кейіптендіру, желілі-рөлдік ойындар, мақал-мәтелдер,жаңылтпаштар сайысын өткізу арқылы балалардың тілін дамытамыз.

4.Тыңдалды:Ересек топтың тәрбиешісі О.Сторонская «Алтын күз» мерекесінің жоспарымен таныстырды. Топтағы балалар екі топқа бөлініп, әр мезгіл туралы ән-тақпақтар, табиғатқұбылысын көрсететін би қимылдар, ағаштардың түсі сияқты қойылымдар даярлауда.

Ортаңғы ,кіші топ балалары қонақ болып қатысып, жемістер жеп, мерекеге қатысады деп шешілді.

Шешім:

1. Дамытушы орталар мазмұны толықтырылсын.Жауапты:тәрбиешілер
2. Жалпы ата-аналар жиналысы өткізілсін.Жауапты:әдіскер А.Бекхожаева

3. Қыркүйектің 19-23 тіл апталығы
атап өту. Жауапты: әдіскер, сазгер, тәрбиешілер
4. Бағдарлама бойынша күз мерекесін 17 қараша күні жауапкершілікпен
атап өту. Жауапты: әдіскер, сазгер, тәрбиешілер

Төрайымы:



Г.Каржаулова

Хатшы:

М.Кутжанова

Меңгеруші жанындағы кеңестің №2 хаттамасы

01.11.2023 ж

Күн тәртібі:

1. Өкен кеңестің шешімінің орындалуы жөнінде
2. «Алтын күз» мерекесін талқылау.
3. Ортаңғы жастағы балаларды салауатты өмір салтына тәрбиелеу.
4. Тәуелсіздік, Жаңа жыл мерекелерінің бағдарламасын бекіту.

1.Тыңдалды: Балабақша меңгерушісі Г.Каржаулова сөз алды: Бала тәрбиесі өте жауапты іс. Сол жауапты істі міндетімізге алған соң, адал атқаруға әрекет етейік.

Өз елін құрметтеп, ұлтжанды болуға, үлкендер еңбегін сыйлауға, Отанға деген сүйіспеншілік, тілге, ұлтымызға, салт –дәстүрімізге деген осы балабақшадағы баспалдақтан бастауды жөн көреміз. Еліміздің рәміздерін біліп, үлкен қалаларымыздағы мәдени орындар мен әсем ғимараттардың атауын білулері қажет. Осы мазмұндарға, тақырыпқа сай дамытушы орталарды толықтырып, көрекіліктер дайындалуы керек, деді.

2.Тыңдалды: Балабақша меңгерушісі Г.Каржаулова балабақшада өткен «Алтын күз» мерекесінің өткізілгені жөнінде тоқталды. Мерекеге зал күз көрінісін беретіндей безендірілген. Өзгешелеу етіп безендірсе де болар еді, жан – жануар, жәндіктердің күздегі тіршіліктері жайлы сюжетті суреттер іліп, күзгі жаңбыр дауысын бейнетаспаға бастырып немесе құстардың шулаған дауысын бастырса да болар еді. Балалар жақсы өнерлерін көрсетті, тек нөмерлерінің арасы үзіліліп қала берді. Тәрбиешілер сөзін жатқа айта алмады. Ол дұрыс емес. Сахнаға шығып қағазға қарап тұрған өте ыңғайсыз көрінеді. Педагогқа үлкен сын.

Сөйлегендер: Тәрбиеші А.Ерматова сөз алды.

Маған ұнағаны «Қырманға кел, қалақатай» әніне балалардың көрініс көрсеткені. Көз алдыма еңбекші қазақ ауылы, дала қырман елестеді. Маңдай терін сүртіп, еңбектеніп жүрген жігіттер, дәнді ысырап етпей жинап алуға ұмтылуда. Балалар өте әдемі алып шықты.

Тәрбиеші З.Оспанова сөз алды. Балалар сахнада өздерін өте еркін ұстады. «Жыл мезгілдері» биінде балалар әр жыл мезгілінің мінезімен танысқандай болды. Қаһарлы қыс айлары, көрікті көктем, жайдары жаз және алтын күз.

3.Тыңдалды

Балабақша жылдық жоспарындағы бақылау мен басшылық жоспары бойынша Ортаңғы топ балаларын салауатты өмір салтына тәрбиелеудегі жұмыстар тексеріліп, қорытындылады. Балабақша меңгерушісі Г.Каржаулова тоқталып өтті.

Ортаңғы топ «Звездочка» тобы.

Тәрбиешісі Бердалиева

Танертеңгі жаттығулар ұйымдастырылды: Жүру, жүгіру, аяқтың ұшымен жүру. Қол, бел, басқа арналған жалпы дамыту жаттығулары, секіру болды. Жаттығу 6 минутқа созылды. Ұсыныс: Балалар өте тығыз болып тұрды. Үлкен және кіші шеңбер болып тұруға болар еді.

Беті –қолдарын жуып, киімдері жеңілдетілді, жеңін түріп, сүлгілері жеке –жеке болмады. Бірақ баланың аяқ киімі жоқ.

Таңғы асты асықпай, печенбені үгіттей жеу, шайды сораптап ішпеуге үйретті.

Балалар ұйымдастырылған іс –әрекетінен соң таза ауаға серуендеуге шықты.

Ұсыныс: Балалардың гигиенасына көңіл бөлу, жеке тарақ, сүлгі болуын қадағалау, пайдалануға балаларды дағдыландыру. Ұйқыдан кейін сауықтыру шаралар өткізу, құралдарын толықтыру, дене шынықтыруда сабақтың структурасына мән беру.

4.Тыңдалды: Жаңа жылдық шырша мерекесінің жоспарлануы мен өткізілуі жөнінде балабақша әдіскері С.Орынбек сөз алды.

Балаларға жаңа жылды сезінуде жақсы көңіл кү сыйлап, қуаныш сыйлауда үлкен дайындық керек. Ұлу жылын шығарып салып жылан жылын қарсы аламыз. Жылан кастюмін тігіп дайындауды жоспарлайық. Ата –аналар жиналысын өткізіп, мерекелік костюмдер туралы, шыршаны безендіріп, қаіпсіздік ережелерімен таныстырып, мерекені қызықты, бірге атап өтуге шақырайық деді.

Сөйлегендер: Тәрбиеші: З.Оспанова: Бізде де жаңа жылдық әндер, тақпақтар және «Белоснежка» ертегісінен үзінді бар. Аяз атамен ойындар жоспарлап отырмыз. Билер көп болып тұр.

Басқа топ тәрбиешілерді жоспарларымен қысқаша таныстырып өтті. Балабақша меңгерушісі Г.Каржаулова Тәуелсіздік күніне ортаңғы топтың тәрбие сағатын өтуін, жасыл шырша мерекесін барлық топтың өтетін күндерімен уақыттарын белгілеп көрсетті.

Шешім

1. Кеңес шешімдерінің орындалуын қадағалансын. Жауапты: А.Бекхожаева
2. Ортаңғы топтағы берілген ұсыныстар толықтырылсын, жалпы салауатты өмір салтына тәрбиелеу жұмыстарын жүйелі жүргізілсін. Жауапты: тәрбиеші А.Ерматова
3. Жасыл шырша мерекесі 29 желтоқсан күні атап өтілсін.
Жауапты: әдіскер, сазгер, тәрбиешілер

Төрайымы:



Г.Каржаулова

Хатшы:

М.Кутжанова

Меңгеруші жанындағы кеңестің
№ 3 хаттамасы

09.01.2024ж

Қатысқандар: 20

Күн тәртібі:

1.Өткен кеңес шешімдерінің орындалуы жөнінде

2.Тәуелсіздік күні ,жаңа жыл мерекесін талқылау

3.Аралық мониторинг

1.Тыңдалды: Өткен кеңестің шешімдерінің орындалуы

Сөйледі: Г.Каржаулова – меңгеруші ана тілін және мемлекеттік тілді меңгерген, құрдастарымен және ересектермен еркін қатынас жасай алатын тұлға қалыптастыру. Жас ерекшелігіне қарай балалармен ойын түрінде балаларды дыбыстарды дұрыс атауға, мәнерлеп әңгімелеуге, сөздік қорын байытуға мамандықтар, заттардың бөліктерін білдіретін зат есімдер, еңбек әрекетін білдіретін етістіктер арқылы үйретсек, қоршаған ортамен таныстыру және қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастыру сабақтарында заттардың қасиеттерін, сапасын ажыратуда, тұрмыстық заттардың атауын атауда, заттарды жинақтап айтуда, ыдыстар, жемістер, көкөністер сөздерін сөздік қорыма енгізуде түрлі суреттер мен альбомадар жинағын пайдаланудамыз, ойыншық жайлы және сюжеттік сурет бойынша әңгіме құрастыруда байланыстырып сөйлеуге үйренсе, ертегілерді драмалауда балалардың сөздегі ырғақ мәнерінің тәсілдеріне үйренеді. Балалар әңгіме құрастыруда, драмалағанда импровизация жасауды да қоса меңгеруде.

2.Тыңдалды: Тәуелсіздік күні, жаңа жыл мерекелерінің өтілуін талқылау.

Сөйледі: О.Старонская – тәрбиеші Тәуелсіздік мерекесі балаларға үлкен зор әсер қалдырды. Еліміздің Туы, Елтаңбасы, Әнұраны жөнінде әңгімелер мен әндер орындалды.Отан туралы қызықты, әсем қала Астана туралы тақпақтар жаттап, балалардың туған ел туралы түсініктері кеңейіп, тіл байлығы артты.

Сөйледі: Ж.Бердалиева – тәрбиеші осындай мерекелерді балалар әр ұлттың өз мәдениеті, тарихы, тұрмысы мен ерекшеліктерін ажырата біледі. Тарихи және мәдени құндылықтарын, бірлігін түсінеді. Басты байлық – тыныштық, бейбітшілік екенін түсінеді. Ол байлықты сақтау үшін үлкен күш жұмсалатынын түсінеді, Отанын сүйіп, құрметтейтін болады.

Сөйледі: А.Бекхожаева әдіскер- жаңа жылдық шырша мерекесінен балалар көп сыйлық қуаныш күтеді, ата-аналар да оған дағдыланып қалды. Әр мереке өзінше қызық өтеді. Биылғы қоян жылының кереметтері, қызықтары да аз болған жоқ. Қаршақызбен кішкентай бүлдіршіндеріміз гномдар, ақшақарлар биін билеп сүйсіндірді деп өз сөзін аяқтады.

Сөйледі: З.Оспанова – тәрбиеші біздің топтың балалары өте кішкентай болса да барлығы маскарадның киімде болды. Балаларымыз қатты қуанды. Тәтті тілдерімен жаттаған тақпақтарын айтып, ата-аналарын қуантты. Балалар өздерін жақсы ұстады. Ұжым болып, хор, биде татулық таныта білді. Музыка әуеніне ілесе отырып ән айтып, Аяз атамен ойындар ойнадық. Ата-аналар ризашылығын білдіріп жатты. Сыйлықтарға балалар қатты қуанды. Жаңа жылдық шыршаға, залдың безендірілуі бәрі бүлдіршіндерге қуаныш пен шаттық әкелді деп ойлаймын.

5. Тыңдалды: Балабақша әдіскері С.Орынбек бастапқы мониторинг қорытындысымен қалай жұмыс жүргізу, толтыру жөнінде түсіндіріп өтті. Балаларды үш кезеңмен диагностика жасап, педагог балаларды бақылайды, бақылау парағымен топ бойынша біліктілігін бағаласа, даму картасына балаларды жеке дамуының педагогикалық үдерістің міндеттерін анықтайды. Аралық мониторинг баланың жас ерекшелігінде, бастапқы мониторинг қорытындысы нәтижесінде алынады деп түсіндірді. Қаңтар айының 10-16 аралығында өткізуді тапсырды.

Шешімі:

1. Кеңес шешімдерінің орындалуын қадағалансын.
Жауапты: Әдіскер С.Орынбек
2. Тәуелсіздік күні, жаңа жыл мерекелері өз деңгейінде өтілді.
Тәрбиешілер шығармашылық білімдерін одан әрі ізденсін.
3. Қаңтардың 10-16 аралығында балалардың білім-біліктілік деңгейін анықтау басталсын. Мониторинг жүрізілсін. Жауаптылар: Тәрбиешілер

Төрайымы:

Хатшы:



Т.Каржаулова

М.Кутжанова

Меңгеруші жанындағы кеңестің
№ 4 хаттамасы

7.03.2024ж

Қатысқандар: 20

Күн тәртібі:

- 1.Өткен кеңес шешімдерінің орындалуы жөнінде
- 2.Сегізінші наурыз,Наурыз мерекелерінің бағдарламасын бекіту.
3. «Таңертеңгі жаттығуда спорттық құралдарына қолдануды жоспарлау және пайдалану.Тақырыпты тексеру қорытындылары.

1.Тыңдалды: Кеңестің шешімдерінің орындалуы жөнінде балбақша меңгерушісі Г.Каржаулова тоқталып өтті. Ол өз сөзінде былай деді: «Жалпы білім саласының алғашқы сатысы болып саналатын мектепке дейінгі кезеңде білім мен тәрбие қатар жүреді. Балбақшада берілген тәрбие барлық тәрбиенің бастамасы, әрі жан –жақты тәрбиемен дамыту ісінің түпкі негізін қалайтын орын. Балаларды жеке тұлға ретінде қалыптастыру, олардың ақыл –ойын жүйелеу, ойлау қабілетін жетілдіру, дәлдікке үйрету, шындыққа тәрбиелеу мақсатында сауаттылыққа баулу –бүгінгі күн талабы. Балалардың оқу қызметі үстінде, көңіл –күйін, зейінін, әрекеттерін бақылау, қызығушылығын ояту, белсенділігін арттыру, тапқырлыққа баулу, ойлауға, танымдылығын дамыту үшін пікір алмасу, шығармашылық қабілеттерін шыңдау тәрбиешіге байланысты.

Тәрбиеші ақпарат беруші, тексеруші, жазалаушы қызметін тастап, керісінше ізденішу, зерттеуші, технолог, өнертапқыш, шығармашылықпен жұмыс істейтін жаңашыл болуы керек. Оқу тәрбие үрдісін жоспарлауда әр тәрбиешіден үлкен еңбек талап етіледі. Сондықтан тәрбиешіге зор талаптар жүктеледі. Балабақшамызда осы талаптарға сай мамандарымыз қалай жұмыс жүргізуде, оны өткізіп жатқан іс –шаралар, ашық ұйымдастырылған оқу іс –әрекеттерінен, мерекелік іс –шаралардан байқалады. Сон да, біз сапасын көп көңіл бөліп, толықтыра түсуіміз, ізденуіміз қажет деп ойлап, үлкен жауапкершілікке шақырамын» .

2.Тыңдалды: Екінші мәселе бойынша балбақша сазгері Н.Сапақбаев сөз алды:« 8-наурыз халықаралық аналар мерекесі өте әсерлі де, қуанышты мереке. Балалардың өзі аналарын қуантқысы келіп, мерекеге өте ықыласпен қатысқысы келіп тұрады. Біз залды мерекеге түймедактармен әдемі етіп 8 санын жазып, гүлдерді көбейткенді жөн көрдік, көктемнің алғашқы мерекесі болғасын, көктемді сезінейік дедік. Ал концерттік бағдарламаны тәрбиешілермен бірге отырып әзірледік.

Ортаңғы «Алғырлар» тобының тәрбиешісі М.Ахмедова сөз алды: Біздің мерекелік ертеңгілігіміз «Ана –ең асыл жан» деп аталады. Балаларымыз мерекеде аналарымызды құттықтап, бас иіп сәлем беруден басталады, тосын сиға «Көктем» келіп құттықтап, бірге ән салады, би билейді, ата –аналармен «кір жуу» ойынын ойнаймыз. Орыс биі, «Жаяу» әні, тапқатарымыз бар –деді.

Басқа топ тәрбиешілері де танысып, бағдарламаның мазмұны мен уақыты жайлы, музыкалық жетекшісімен бірге шешімдер қабылданды. Балабақша меңгерушісі бағдарламалармен таныса отырып, наурыз айының 20 күні өткізу тапсырып, бекітті.

3.Тыңдалды: Үшінші мәселе оқу тәрбие жұмысын бақылау мен басқару бөлімінде жоспарланған «Таңертеңгі жаттығуда спорттық құралдарына қолдануды жоспарлау және пайдалану. Тақырыпты тексеру қорытындысы туралы балабақша меңгерушісі Г.

Каржаулова сөз алды. Тексеру бойынша анықталғаны Ортаңғы «Балауса» тобында таңертеңгілік жаттығулар балалармен күнделікті таңертеңгі уақытта ұйымдастырылған. Жаттығулар топтамалары балалардың жасына сай жобаланған. «Ромашка» ортаңғы

тобында әр айға 2 топтамадан жоспарланып, жан жақты дамыту жаттығулар балалармен күнделікті таңертеңгі уақытта бірінші жарты айда затсыз, екінші жарты айда затты пайдалану арқылы жобаланған. Жаттығулар топтамалары 4-5 жаттығулар, 3-4 рет қайталанумен орындалған. Ертеңгілік жаттығулар топтамасында 1 рет обруч, 2 рет жалауша, 1 рет доптармен жобаланған. Тексеру барысында анықталғаны: керекті құралдар бала санына түгел жетеді, техника қауіпсіздігіне сай келеді. Түстері ашық түсте жасалған. Кемшілігі: Балаларға берілетін доптардың мөлшері әр түрлі. Ұсыныс: Жаттығуда пайдаланатын құралдардың түрлері көбейтілсін. Пайдаланылатын құралдар мөлшері талапқа сай жаңартылысын. Түрлі мәселелер бойынша балабақша меңгерушісі Г.Каржаулова сөз алды. Тәрбиешілерге топтағы заттық дамытушы орталықтарды ретке келтіру туралы айтты.

Шешім:

1. Өткен кеңес шешімдерінің орындалуы қадағалансын.
Жауапты әдіскер С.Орынбек
2. 8-наурыз, Жыл бойы наурыз мерекелерін жауапкершілікпен, қызықты, әсерлі етіп өткізу. Балалар жасына лайықты әндер, билер болуын қадағалау. Жауапты: әдіскер: С.Орынбек. Сазгер: Н.Сапақпаев, тәрбиешілер. Ертеңгілік наурыз айының 20 күні өткізілсін.
Жауапты: әдіскер: Э.Жуман. Сазгер: Н.Сапақбаев, тәрбиешілер.
3. Таңертеңгі жаттығуда спорттық құралдарды қолдануды жоспарлау және пайдалану бойынша тақырыпты тексеру қорытындысы қанағаттанарлық.

Төрайымы:

Хатшы:



Г.Каржаулова

М.Кутжанова

Меңгеруші жанындағы кеңестің

№ 5 хаттамасы

10.05.2024ж

Қатысқандар: 20

Күн тәртібінде:

1. Өткен кеңестің шешімдерінің орындалуы жөнінде
2. 8- наурыз, Наурыз меркесін талқылау
3. Өнімді іс –әрекет түрлерінің қамтылуы және жоспарлануы.
Тақырыпты тексеру қорытындылары.
4. Жазғы сауықтыру шараларын бекіту.

1.Тыңдалды:Өткен кеңестің шешімдерінің орындалуы жөнінде балабақша меңгерушісі Г.Каржаулова сөз алды.Әрбір мереке, іс –шараларды өткенде басты мақсатымыз ата –аналарымызбен бірлесе отырып айнала қоршаған әлем мен өмірлік құбылыстарды сезінуге қабілетті, қарапайым шығармашылықта іскерліктер мен дағдыларды меңгерген бала тұлғасын қалыптастыру, мерекелік пен азаматтық сезімдерін қалыптастыру, қоғамдық өмірге араласуына талпынысын тәрбиелеу, сенімділігін ояту. Өткен мерекеде балалар туысқандырымен балабақша қызметкерлеріне әндер, сый, билер дайындап, жақсы құттықтау тақпақ –өлеңдерін айтты. Мерекелік зал әдемі етіп безендірілді. Балалармен бірге ата –аналар да жақсы көңіл –күйде болды.

Сөйлегендер: Әдіскер Э.Жуман: осындай іс –шаралар арқылы ата –аналардың бала тәрбиесіндегі оң көзқарастарымен дұрыс бағдарын және баланың ата –анасына, жақындарына мейірі мен сыйластығы қалыптасады. Ата –ананың балның балабақшадағы өмірімен танысуға, құрдастармен қарым –қатынасын байқауға, мүмкіндік туады. Сол үшін бала үшін де ата –ана үшін де жағдай жасауға әрекет еттік.

2.Тыңдалды: Екінші мәселе бойынша мерекелік іс –шара талқыланды. Тәрбиешілер өз ойларын білдіріп, өту деңгейіне баға берді.

Сөйлегендер: Тәрбиеші: Ж.Бердалиева

Ата –аналар осындай меркелер мен іс –шараларда тәрбиешілермен бірлесе отырып, баланың бойындағы ерекшеліктері мен қабілетін ашып, талантты шыңдауға көмектескендей болады. Ата –аналармен қарым –қатынас жасауда кездесетін қиыншылықтар да жоқ емес. Бірақ оң шешімін табуға әрекеттенеміз.

Тәрбиеші: З.Оспанова: Ия, аналар күніне арналған меркелік ертеңгіліктер әр қайсысы өзінше әсерлі қызық болды. Кішкентай бүлдіршіндер өнерлерін салды. «Балауса» тобының «Әжетайым» әніне жасалған бөбектердің

сахналық көріністеріне аналар мен әжелер де дән риза, әр ананың көз жанары өз баласында, ана махаббатын аямай –ақ, шуағын шашуда.

Меңгеруші Г.Каржаулова: Әрине мерекенің аты –мереке. Көңілді әуен, би, сәнді киімдер адамға жақсы көңіл –күй сыйлайды. Бәрібір сахнада сөйлеуде тәрбиешілер сөйлеу мәдениетін әле де зерек меңгеруі тиіс. Біз бала тәрбиесімен айналысып, өз тәрбиемізді де естен шығармайық. Маған «Радуга» тобының ата –аналармен ойыны ұнады. Ана мен бала арасындағы ынтымақтастық, тәрбие, ықылас көрініс тапты.

З.Тыңдалды:Келесі мәселе бойынша балабақша меңгерушісі Г.Каржаулова сөз алып, ортаңғы топта өткен «Өнімді іс –әрекеттердің түрлерінің қамтұлуы және жоспарлануы» тақырыпты тексеру қорытындысына тоқталды.

Ортаңғы «Балауса» тобы, тәрбиешісі А.Ерматова

Өнімді іс –әрекеттерден:Құрастырудан қамтылған тәсілдер: оригами, қима қағаздан, сіріңке қорабынан, құрылыс материалдарынан: Гүлдер жасау: (оригами), жиһаз (Қағаз), «Үлкен үй» (ағаш бөліктері) Жүк машинасы «қима қағаздан, сиқырлы таяқшалар (таяқшалардан). «Трамвай» құрылыс материалдарынан. Жапсырудан заттық, декоративті (сәндік), желімі өз қалауымен түрлері қамтылған.

«Құстар ауласы» (Желілі)

«Бәйшешектер» (заттық)

«Сәукеле» сәндік

«Жайлауда» желілі

«Аққала» заттық

«Қоян» заттық

Мүсіндеу

«Әжеме арналған тағамдар»

«Кірпілер отбасы» (желілі)

«Аққала» (заттық)

«Қоян»(заттық)

Сурет

«Күн шуақтары»

«Алғашқы бәйшешектер»

«Сүйікті ойыншығым»

«Гүлді алма ағаштары»

«Қар түйіршіктері»

«Жолақты өрнекше әшекейлеміз»

«Қандай заттың пішіні шыршаға ұқсайды»

Ұсыныс: Өнімді іс –әрекеттердің мемлекеттік стандарт ерекшелігіне сай саны дұрыс. Жоспарланған кезде түрлерінің қамтылуына келсек:

Құрастырудың жалпы техникалық және көркемдік түрлері болса, техникалық түріне құрылыс материалдарынан құрастыру да, көркемдік құрастыру да табиғи материалдар, қағаз, қалдық заттардан пайдаланады. Осы көркемдік құралдардың құрастыру түрлерін қамтуды, толықтыруды ұсынамын.

Және өнімді іс –әрекеттің қол еңбегін де апталық жоспарда енгізілсін. Жапсырудан әртүрлі әдіс –тәсілдер енгізу: қағаз мозайкасы контур бойынша жұлу, мыжу, орау, түсі бірдей көлемдері әртүрлі пішіндерді ауыстырып жапсыру, дайын заттық бөліктерінен композиция құрау, табиғи материалдар жинақтау. Мүсіндеуден де, балалардың шығармашылығын дамытуда мүсіндеген сұлбаны бояу, таяқшаға бекіту, табиғи заттарды пайдалану түрлерін қосу. Суреттен ұжымдық жұмыс және дәстүрден тыс техникаларын меңгеруге қызықтыру.

4.Тыңдалды:Балабақша меңгерушісі Г.Каржаулова : Келесі мәселе жазғы сауықтыру шараларымен, жоспарлауымен педагогтарды таныстырып, кімге қандай жауапкершілік жүктелгенін атап өтті. Балалар жазғы демалысты сезіну керек. Балалардың денсаулығын сақтау мен нығайту жұмыстарын қауіпсіздік ережелерін сақтай отырып жүйелі жүргізу қажет. Іс –шаралар түрлі ойындар, дидактикалық, музыкалық, зерттеу ойындары, спорттық жарыстар, жаттығулар енгізілді. Өткізілген іс – шара суреттерімен, құжаттарын өткізетіндігін айтты.

Шешім:

1. Өткен кеңес шешімдерінің орындалуы қадағалансын.
2. 8-наурыз, Наурыз мерекелері жақсы өтті деп бағалансын.
3. Ортаңғы топтарындағы өткізілген тақырыпты тексеру ұсыныстарының орындалуы қадағалансын.
4. Жазғы сауықтыру шаралары жүйелу, жауапкершілікпен өткізілсін.

Төрайымы:

Хатшы:



Г.Каржаулова

М.Кутжанова

Меңгеруші жанындағы кеңестің

№ 6 хаттамасы

13.06.2024ж

Қатысқандар: 20

Күн тәртібінде:

1. Өткен кеңестің шешімдерінің орындалуы жөнінде
2. Жазғы сауықтыру шаралары жөнінде
3. Жөндеу жұмыстары жөнінде
4. Жаңа оқу жылына дайындық.

1.Тыңдалды: Өткен кеңестің шешімдерінің орындалуы жөнінде балабақша әдіскері С.Орынбек тоқталып өтті.Ол өз сөзінде балалардың білімдерін жетілдіруде тазалыққа,ұқыптылыққа тәрбиелеуде көңіл бөлініп,тазалық,ұқыптылық ,көмектесу жөнінде санамақтар,тақпақ-өлеңдермен пысықтап өтуде «Сабынмен дос болайық», «Қуыршақты шомылдырайық», «Кезекшілік етейік» атты ойындар ұйымдастырып өткізілуде.Балалармен өз туыстарының аты жөнін түгел білу,туыстық қатынасын білуге ата-аналардың да көмегі қажет болды.Ата-аналармен байланыса отырып ,нәтижеге қол жетуде.Отбасы мүшелерінің аттарын толық атау,дұрыс айту,жасы үлкен-кішіге мән беру,құрметтеуге тәрбиелеудеміз деді.

2.Тыңдалды: Жаңа оқу жылына дайындық жөнінде балабақша әдіскері С.Орынбек сөз алды. Балалармен ұйымдастырылған іс әрекетін ұйымдастыруда мақсатқа жетуде,нәтижесі мазмұнды болу үшін,бала ықыласын аударуда және келешекте белсенді де,бәсекеге қабілетті,білімлі де ширақ,жігерлі ұрпақ жетілдіруде көп жұмыстар,көп техникалық құралдар мен бейнетаспалар,ұнтаспалар қажет.Тәрбиеші үнемі даму үстінде болу керек.Өз білімін үнемі жоғалтып алатындай ізденіп,жаңашыл болуға әректтенуіміз қажет.Дамытушы орталар мазмұны,құралдары жаңартылып,толықтыруды,жаз бойы ізденуге шақырамын.Ғаламторға кіріп басқа елдердің әдіс-тәсілдерінен,іс тәжірибелерінен өзімізге ендірсек,аудан,облыс озық тәжірибелерін,баспасөз құралдарын пайдаланайық.Қызықты ойындар

топтап,әрбір күні-сабақтар мағыналы өтуін қарастырып,балаларға жаз бойы көтеріңкі көңіл күй ,шаттық,қуаныш сыйлайық

3.Тыңдалды: Жазғы маусымға арналған сауықтыру шаралары жөнінде балабақша меңгерушісі С.Орынбек сөз алды. Жазғы маусымда өткізілетін сабақ ойын түрінде болады. Себебі бала көп ойнап,қимыл іс-әрекеті даму қажет,физикалық дамуда таза ауада көп жүріп көп қыдыру,шынықтырулар жоспарлы түрде өтуі керек.Ауа және күн ванналары,құммен ойын,жалаң аяқ жүру,бассеинде шомылу,қимылды ойындар

өткізілуі тиіс.Жазда балалармен мерекелік іс-шаралар жоспарлануда «Сәлем жаз»,Туылған күндер,ертегі сахналау,Күн,Ауа,Сумен достасу,құстарға,өсімдіктерге бақылау жасап,серуенге шығу.Спорттық мерекелер «Сиқырлы доптар», «Көбелектер», «Кім жүйрік» атты іс-шаралар жоспарлануда,жоспар бойынша белгіленген жауапты қызметкерлер жауапкершілікпен өткізуін тапсырамын.Балалардың күннің аптап

ыстығынан қорғалуы,өткізілген іс-шаралар қауіпсіз,қолайлы да ыңғайлы өткізілуін мейірбике М.Жасузакова тапсырамын деді.

4.Тыңдалды: Жазғы маусымда өтетін жөндеу жұмыстарына балабақша меңгерушісі Г.Каржаулова тоқталып өтті.Балабақша ғимаратының қажетті жерлерін ақтап,сырлау қажет.Құралдардың сынған жерлерін реттеп,жөндеулеріңізді тапсырамын.Жөндеу жұмыстары кезінде қауіпсіздік ережесін бұзбай,балалардың және өздеріңіздің өмір қауіпсіздіктеріңізді сақтауға міндеттісіздер.Балабақшаның,ауланың тазалығын сақтау,мүліктерді күтіп ұстау,жөндеу жұмыстарына ынтымақты түрде қатысуға шақырамын деді.

5.Тыңдалды : №1 педагогикалық кеңеске дайындық жөнінде балабақша меңгерушісі Г.Каржаулова сөз алды. Күн тәртібіндегі басты мәселелер жөнінде әңгіме өткізді. Топтардағы дамыту орталықтары толықтырылып,көрнекіліктер толықтырылып,құралдар,дамытушы орталар толықтыруларды тапсырылды.

Шешім:

1.Өткен кеңес шешімдерінің орындалуы қадағалансын.

2. Жазғы сауықтыру шаралары жоспар бойынша жауапкершілікпен өткізілсін.

Жауапты: әдіскер , тәрбиешілер

3. Жаңа оқу жылына дайындықтар жүргізілсін. Жауапты: әдіскер

4. Жөндеу жұмыстары кезінде қауіпсіздік ережесі сақталсын.

5. №1 пед кеңеске жауапты қызметкерлер, дайындықпен келу.

Төрайымы:



Г.Каржаулова

Хатшы:

М.Кутжанова